

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық университеті» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімінен
БЕКІТІЛДІ

« 23 » 04 2025 ж. № 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы
Г.А. Ахмедьяров

Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар
4S02150302 Дәстүрлі ән салу әртісі,
балалар музыка мектебінің оқытушысы

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02150300 Вокалдық өнер (түрлері бойынша)	4S02150302 Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	9 сынып базасында	Қазақ

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

«Дәстүрлі ән» мамандығына оқуға түсу үшін домбыра аспабында еркін ойнауы қажет, есту қабілеті жоғары деңгейде болуы керек. Орындалатын әндер вокалдық диапазонды және домбырада ойнау қабілетін көрсетуі керек.

Талапкердің музыкалық білімі болуы міндетті емес. Музыкалық сауаты болмаған жағдайда да қабылданады.

Сондай-ақ орындалатын репертуар:

1. Халық әнінен бір ән
2. Халық композиторының бір әні

1. ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

- *Қандай ән орындаған дұрыс?*
- Талап бойынша дауыс мүмкіндігін көрсетететін әндерді орындаған дұрыс
- *Домбыра аспабында ойнай алмаймын, бірақ ән айтамын, «Дәстүрлі ән салу мамандығына түсе аламынба?*
- Иә, мүмкіндік бар.
- *Мен домбырада ойнаймын, бірақ ән айта алмаймын, «Дәстүрлі ән салу мамандығына түсе аламынба?*

- Жок, түсе алмайсыз.
- *Арнайы музыкалық білімім болмаса оқуға түсе аламын ба?*
- Иә, түсе аласыз.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) - емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.

I. Музыкалық диктант:

- Бірдауысты.
- Форма - біртональдік периоді, екі сөйлем, 8 такт.
- Жазу уақыты - 25-30 минут.
- Ойнау саны-8-10.
- Өлшем-ырғақтық қиындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нүктемен және он алтылық ырғақты топтар, пунктирлі ырғақ (төрттік нүктемен және сегіздік, сегіздік нүктемен және он алтылық).
- Интонациялық қиындықтар - қарапайым интервалдар, диатоникалық және гармоникалық үштондықтар, негізгі үшдыбыстық мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозғалу, диатоникалық секвенциялар.

Шамамен күрделілік деңгейі:



II. Ауызша емтихан:

1. БММ бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндету:
 - Ладтар - мажор және 3 түрі минор;
 - Интервалдар – қарапайым, үштондар
 - Аккордтар - мажорлық және минорлық үшдыбыстықтар айналымдарымен, D7 айналымдарымен;
 - Парақтан бірдауысты нөмірі оқу (шамамен):




3. Есту талдауы:
 - Ладтың сатылары;
 - Қарапайым интервалдар; үштондар


- Аккордтар - — мажорлық және минорлық үшдыбыстар, олардың айналымдары, D7 және оның айналымдары.

* «Дәстүрлі ән» мамандығына бастауыш музыкалық білімі жоқ талапкерлер үшін сольфеджио емтиханы музыкалық деректерді, музыкалық есту мен есте сақтауды тексеру түрінде өткізіледі.

ПЦК «Дәстүрлі ән» төрағасы

 М.А. Хамзин

ПЦК «Музыка теориясы» төрайымы

 Н.К. Жолдасова

«Дәстүрлі ән» кафедраның меңгерушісі

 Е.А. Сарин